



# Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№05 (57), мамыр-маусым, 2014 жыл




## «Мұнайлы өлкеге» – 5 жыл

# МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ТӨЛ ГАЗЕТІ
















«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның «Мұнайлы Өлке» газетінің №1-і санының жарық көргеніне 5 жыл (2009 ж). Газеттің алғашқы редакторы, әрі жұртшылықпен байланыс тобының жетекшісі болған Өтегенов Айтуар Оспанұлы былайша еске алады:

«Газетті дүниеге әкелген адам, яғни, әкесі – акционерлік қоғамның сол кездегі Бас директоры, қазіргі ҚР Мұнай және газ министрі Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы. Компанияның мемлекеттік меншікке көшіп жатқан кезі болатын. Хатшы қыз телефон соғып: «Бас директор шақырады» деген соң барсам ішінде әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі басқарма бастығы Н.Назарбек бар. Алдында баспаханалық әдіспен «Мұнайшы» атты бетше шығаратын болып, бетшенің алғашқы сигналдық санын жасап бергенмін, соны қарап отыр екен.

- Үлкен акционерлік қоғамға бетше келісіңкіремейді, жігіттер. Газет шығара аламыз ба, АҚ-ның өз газетін,- деп Ұзекең маған қарады, алдында өздері ақылдасып отырса керек. Мен бірден:

- Әбден болады, - дедім.

- Онда газет шығаруға қажет құжаттарды дайындаңдар, мамыр айында газеттің бірінші саны шығатын болсын, - деген тапсырмамен, іске кірісіп кеттік. «Қаламқас кенорнына – 30 жыл», «Маңғыстау мұнайының атасы – Сафи Өтебаевтың туғанына – 100 жыл», «Сисем ата – мұнайшылар қамқорлығында», т.б. мақалалармен бірге бірінші бетке Бас директор Ұ.Қарабалиннің «Жұмыс орындарын қысқартпау үшін» деген мақаласын орналастырдық. Өз мақаласында Бас директор: «Маңғыстаумұнайгаз» басшылығы дағдарыс кезінде екі мақсатты басты назарда ұстауды көздеп отыр. Біріншісі – бұрынғы бар жұмыс орындарын қысқартпау, осының негізінде еңбек адамдарының негізгі жалақыларын сақтап қалуға жұмыстану... Екінші мақсат – өндірістегі қазақстандық үлесті арттыру...» деп «Қазмұнайгаз» қарамағына алынған компанияның жаңа бағдарламамен жұмыс істейтіндігін тайға таңба басқандай нақтылап түсіндіріп берген болатын.

Газетті шығару жұртшылықпен байланыс тобына жүктелді. Топ қызметкерлері Б.Әбдіхалықова, А.Әлекешева кенорындарынан тартымды мақалалар дайындап, сонымен бірге жарты ставкамен жұмысқа алынған журналист Т.Тасқынбаева мен облыстық баспахананың операторы Е.Айтбаев газеттің мазмұнды, әрі полиграфиялық безендірілуіне елеулі үлес қосты...».

Қазір газет Бас директордың әлеуметтік және әкімшілік мәселелері жөніндегі орынбасары, департамент директоры Н. Илмұханбетовтың, баспасөз қызметінің жетекшісі Ғ.Сермағамбетовтың басшылықтарымен қызметкерлер Есназар Сұлтанов (редактор), Л.Жолдыбаева, Р.Ізберген, Е.Айтбаев, А.Өтегенов газеттің тартымдылығы үшін жүйелі жұмыс істеп келеді. Айына бір рет шығатын газеттің бүгінге дейін 57 саны жарық көріп, мұнайшылардың сүйікті газетіне айналып отыр.

**«Мұнайлы өлке» газетінің редакциясы**

# ҚАЛАМҚАС АРУДЫҢ «ҚАРА АЛТЫНЫ»

*«...Бізге дәстүрлі өндіруші секторлар тиімділігін арттыру маңызды. Бұлар – біздің бәсекедегі табиғи артықшылықтарымыз. Бізге мұнай-секторының экспорттық әлеуетін сақтай отырып, басқару, өндіру және көмірсутектерді өңдеудің жаңа тәжірибелері керек. Мұнай мен газ өндірудің ықтимал сценарийлері бойынша түбегейлі шешімге келу керек...».*

**(ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауынан)**

## («Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы Н.Сәрсенбаймен сұхбат)



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы өндіретін жалпы мұнайдың 73,6 пайызы тиеслі «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы өзі құрылғалы бергі 35 жылға жуық уақыт ішінде күні бүгінге дейін 136 миллион тоннадан астам мұнай өндіріп, ел байлығын еселеп келеді. Қаламқас кен орны – қазіргі таңда тек Маңғыстау өлкесінің ғана емес, Қазақстанның маңдайға ұстар, мақтан тұтар өндіріс орындарының бірі. Журналист **А.Өтегенов** «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, өндірістік басқарма бастығы **Н.Сәрсенбаймен** сұхбаттасқан еді.

**- Нұрпейіс Мизамбайұлы! Сіз ауылда тұрады екенсіз, рас па?**

- Рас! Маңғыстау ауданының Шебір ауылында әке – шешеммен бірге тұрамын. Сол Шебірде тудым, сол Шебірде мектеп бітірдім. Әкем Мизамбай математика пәнінің мұғалімі болды, қазір зейнеткер, ауылдың бар балалары сол кісіден оқып, тәлім-тәрбие алған десе де болады. «Ауыл – алтын бесік» деген ғой...

**- Еңбек жолыңыз қалай, қай жерден басталды?**

- 1994 жылы Қазақ политехникалық институтын «мұнай және газ кенорындарын жарақтандыру және пайдалану» мамандығы бойынша қызыл дипломмен бітірген соң, туған жерімдегі «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының №1мұнай өндіру кәсіпшілігіне оператор болып орналастым. Қаламқас кенорнына ең жақын елді мекен Шебір – 80, Тұщықұдық – 102, Ақшымырау - 125, Тиген – 142, Шетпе – 190, ал облыс орталығы Ақтау қаласы 280 шақырым. Осы кәсіпшілікте шебер, инженер-технолог, бастығының орынбасары, ЦИТС бастығының орынбасары, №1 мұнай өндіру кәсіпшілігі бастығы қызметтерін сатылап атқардым.

**- Демек, мұнай өнеркәсібі саласында мол тәжірибеңіз бар екен ғой... Қаламқас тәрізді ірі кенорыны қарайтын өндірістік басқарманы қашаннан бері басқарасыз?**

- 2010 жылдан... «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 50 пайыз акцияларын Қытайдың «CNPC» компаниясы сатып алғаннан кейін «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының екі жақтан да тең құқықты басшылары болатын болды. Басқарманы ұзақ жыл басқарған Өрен Сағындықов зейнеткерлікке шықты да, акционерлік қоғам басқармасы Қазақстан жағынан менің кандидатурамды таңдапты. Қытай тарапынан қазір – Цзун Шоуго. Бұрынғы басшы – инженерлер Ө.Сағындықовтан, Қ.Жұбаниязовтан, Б.Иманбаевтан үйренгендерім көп. Сонымен бірге 2011-2013ж. аралығында Халықаралық бизнес академиясында «Басқару ісінің магистрі» бағдарламасы бойынша оқып бітірдім.

**- Енді кенорнының энергетикалық қуатын арттыру мәселелері жайлы әңгіме қозғасақ...**

- Елбасымыздың Жолдауында міндеттелген әлемдегі өркениетті 30 елдің қатарына қосылу үшін энергетикалық қуатымызды бұрынғыдан да арттыруға үлес қосу міндетіміз.

«ҚазМұнайГаз» және «CNPC» компаниялары иелігіндегі төрт жыл уақыт ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның



Ырзағали Нұрбаев - ГӨДТЦ 4-дәрежелі машинисі

стратегиялық даму жоспарына сәйкес Қаламқас кен орнында көптеген жұмыстар тындырылды. Ілеспе газды жинау және айдау жүйесі қайта құрылып, мұнайды кешенді дайындау қондырғысын жаңадан салу жобасы жасалды. Кенорнын игерудегі геологиялық-техникалық шараларды зерделеп, жоспарлауға арналған «ДельтаОйл» және «Триас» бағдарламалары енгізілді. Бұған қоса алдағы уақытта сейсмикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу көзделуде. Ұңғылардың фильтрациялық ағысын қайта реттеуге жаңа әдістемелер енгізіліп, олардың бәрі елеулі оң нәтиже берді. Ұңғы қабаттарын сұйықпен жару жұмыстары жалғастырылуда. Ұңғыларға химиялық әсер ету (СПС, ПФП т.б.) жұмыстарының көлемін көбейту шаралары қолға алынуда.

Ұңғы өнімін арттырудағы негізгі шешімдердің және мұнай игерудегі енгізілген жаңа әдістемелердің көлбеу және көлденең бұрғылау және басқа жерасты қабаттарына көшу, қайта ату, қосымша ату жұмыстарының арқасында кен орнында мұнай өндіруде тұрақты жағдай қалыптасты. Қазіргі таңда «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының тәуліктік мұнай өнімі – **11 550** тонна.



Жиенбаев Болат – ГӨДТЦ 4-дәрежелі машинисі

Биыл «Маңғыстаумұнайгаз» ұжымы былтырғы межесінен де асырып **6 миллион 151 мың** тонна «қара алтын» өндіруді жоспарлап отыр. Биік межеден көріну үшін мұнайшылар ұйымшылдықпен еңбек етуде. Өндірілген шикізат түгелімен экспортқа шығарылады. Бұл орайда негізгі жүк компания мұнайының **73,6** пайызын өндіріп отырған «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы мұнайшыларының иығына түсері өз-өзінен белгілі.

Қазіргі таңда Қаламқас кенорнының ұңғылар қорында

**2934** ұңғы бар. Оның ішінде:
мұнай өндіретіні – 2069;
су өндіретіні – 670;
газ өндіретіні – 35;
су айдайтыны – 81, т.б.

**412-і** – Германиялық «NETCH», Қытайлық «Дацин» және «Шэнли» фирмалары шығарған бұрандалы сораппен жұмыс жасайтын ұңғылар. Бұрандалы сорапты ұңғылардың өзі барлық ұңғылар қорының 20 пайызын құрайды. 2013 жылы басқарма бойынша 4 миллион 217 мың 620 тонна мұнай өндірді. Кенорнынан бүгінге дейін **136** миллион тонна мұнай алынды. Өндірістік басқарма ұжымы 2014 жылдың бірінші тоқсанында **1 миллион 039 мың 112** тонна «қара алтын» өндірсе, оның **1155** тоннасы жоспардан тыс өндірілген. Мемлекетке **1 миллион 036 мың 651** тонна мұнай жоғары сортпен тапсырылды.



Нұрлыбаев Ерғали - №1 цехтың 5-дәрежелі операторы

**-Сіз Маңғыстау облыстық мәслихатының 5-ші шақырылымының депутатысыз. Сайлаушылар депутатқа «қарапайым тұрғындар мүддесін қорғайтын халық қызметшісі» деген түсінікпен қарайтынын білесіз. Қалың бұқараның өкілі болған соң шынында да солай ғой. Осы бағыттағы, яғни, қоғамдық қызметтеріңіздің нәтижелерін айтсаңыз?**

- Менің округім негізінен Маңғыстау ауданының территориясы ғой, сондықтан да «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-де қызмет істейтіндердің 50 пайызы осы Маңғыстау ауданының тұрғындары болып табылады, қалғандары облысымыздың өзге аудан, ауылдарынан. Сайлаушылар көптен сұрап жүрген Шебір, Тұщықұдық, Жармыш, Шайыр ауылдарына дәрігерлік емхана салынып, пайдалануға берілді. Шетпе – Тасмұрын жолына асфальттаудың қаржысы шешіліп, жұмысы басталды. «Маңғыстаумұнайгаз» тарапынан Маңғыстау ауданының әлеуметтік қажетіне 2012 жылы 187 миллион теңге, 2013 жылы 150 миллион теңге бөлінді. Бұл қаржыға Шебір ауылында клуб, жабық спорт зал құрылысы жүруде, оқушылар үшін ауданға 6 автобус алынып берілмек болған, соның үшеуі Қызан мен Шетпедегі мектептерге алынып берілді, биыл Ақшымырау мен Сайөтес ауылдарының мектептеріне алынып берілмек. Ауыл жастары үшін ауданның Шетпе, Жыңғылды, Жармыш, Ұштаған, Шебір ауылдарынан жазғы спорт алаңдары салынып, пайдалануға беріледі.

Ақтау – Қаламқас жолын жөндеуге биыл 112 миллион теңге қаржы бөлініп отыр. Бұл жол тек мұнайшылар үшін ғана емес, сол маңда мекендейтін Түпқараған, Маңғыстау аудандарының ауыл тұрғындары үшін де аса маңызды. Мұнайшылар үшін қосымша жатақханалар салу мәселесі күн тәртібінде!

**- Әңгімеңізге рахмет!**

Әңгімелескен,



**Айтуар ӨТЕГЕНОВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**



Қойшыбаев Дүйсен – АСАҚ бастығының орынбасары





Махутов Асқар – №1 цехтың аға механигі, Таужаннемересі Тимур - №1 цехтың бастығы





Медиев Молжігіт – ГӨДТЦ 4-дәрежелі операторы

# ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ – ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

***Бүгінде ел билігі еңбек әулеттеріне, олардың жүріп өткен даңқты жолына айрықша назар аударуда. Өйткені нағыз жас толқынның рухын шыныұтыратын, жақсылыққа баулыйтын тәрбие қайнары, нағыз құндылықтар осында жатыр. Мәселен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қазірде шежірелі тарихы бар, отбасылық дәстүр сабақтастығын үзбеген өнегелі әулеттердің еңбектерін бағалап, ұлықтауда.***



Кешегі ерлік оқиғаларын мықтап жадыға тоқыған берекелі әулеттерді жалғастырушылар, адал еңбек арқылы арманды шыңдарды бағындыруға болатынын жақсы түсінеді. Бұлар – мұнай саласының, жалпы қоғамның берік, сенімді тіреуі.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ғы бір жұмыспен байланысқан жанұялар Садировтар мен Бижановтар отбасы. Олар – Компания тірегі, оның өткені мен бүгінгісі, болашағы. Қандай да бір компаниядағы тұрақтылықтың маңызды көрсеткіші болып - тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа, әкеден балаға тарайтын еңбек династиялары болып табылады. Туыстық байланыстағы қызметкерлер тектік намысын түсіріп алмауға тырысады. Осыдан – еңбексүйгіштік, жауапкершілік, тырысу мен адал қызмет ету пайда болады оларда.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек династиясының мұрагерлік дәстүрін қолдап, бағалайды.

Алты адам бір салада еңбек еткен династия отағасы Садиров Букес 1926 жылы туылған. Өзінің еңбек жолын тылда 1942 жылы электрогаздәнекерлеушіден бастап, кейін Красноводскідегі Уфимск пен Гурьев мұнай өңдеу зауыттарында жалғастырады. 1965 жылы ең ірі Өзен мұнай және газ кенорынын меңгеру үшін Маңғышлақ жарты аралына келген Букес ағай өзінің еңбек жолын «Узеньнефть» МГӨБ-да дипломды электргаздәнекерлеуші болып жалғастырып, сол жерден құрметті еңбек демалысына шығады.

Төрт ұл мен екі қыз тарбиелеген отағасы әке жолымен үш ұлының жүргеніне қуанады. Бүгінгі күні жанұялық еңбек династиясын жалғастырушылардың ең үлкені Красноводск қаласында 1952 жылы 26 тамызда туылған – Садиров Рахат Букесұлы 1969 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-да мұнай және газ өндіру операторынан бастап, кейін электргаздәнекерлеуші мен мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын жөндеу слесарі болып еңбек етті.

Жетібай мен Өзен бұрғылау жұмыстарындағы басқармаларда бұрғышының көмекшісі болып еңбек еткен Рахат Букесұлы Өзен мен Жетібайдағы ұңғымаларды күрделі жөндеу цехтарында шебер, аға шебер және аға инженер қызметтерін атқарады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Нормативтізерттеу станциясына ауысқаннан кейін, өндірістік нұсқау бөлімінің бастығы, сол станцияның бас инженері мен бастығы қызметтерін атқарып, бүгінгі таңда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Адам ресурстарын басқару департаментінде бөлім бастығының орынбасары – еңбекті ұйымдастыру және нормалау бойынша мамандар тобының жетекшісі болып еңбек етуде.

1955 жылы туылған Садиров Рахат Букесұлының зайыбы Суербаева Гүлжамила Қаршығақызы Маңғыстау су ресурстары комитетінде экономист болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты.

Мұнайшы Садировтардың еңбек династиясының үшінші ұрпағы - 1983 жылы туылған Садиров Талғат Рахатұлы Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті мен «Болашақ» Маңғыстау университетін бітіріп, 2006 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №1 МГӨЦ оператор болып жұмыс жасайды.

Екінші ұлы 1986 жылы туылған Садиров Қайрат Рахатұлы Қазақ-Британ техникалық университетін 2008 жылы «Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау» мамандығы бойынша бітіріп, И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінен көмірсутек кенорындарын модельдеу саласында магистр дәрежесін алады. 2010 жылы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ еңбек жолын бастаған Қайрат, қазір «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Геология және кенорындарын барлау департаментіндегі геология бөлімінде геолог болып еңбек етіп, Компанияның қоғамдық өміріне белсене араласуда.

Ал, Садировтордың келіні Самаддинова Надежда Самаддинқызы 2010 жылдан бері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Адам ресурстарын басқару департаментінде экономист болып жұмыс жасайды.

**Мұнайшы ұрпақтарының бірі, сегіз отбасы мүшесі бір ұжымда еңбек етіп келетін - Бижановтар династиясы.**

Династия басы Бижанов Әлім Бижанұлы Атырау облысындағы Бесікті жерінде 1919 жылы дүниеге келеді. 1939 жылдан бастап Қаратон өнеркәсібінде бұрғылау қондырғыларын монтаждау бойынша мұнара монтаждаушы болып қызметін бастайды. Кейін Әлім ағай Маңғыстау облысына келіп еңбегін жалғастырады. 1970 жылы дүниеден озған отағасының соңында төрт ұл, бір қыз қалып, әке жолын қуады.

Бүгінде ең үлкен династия жалғастырушысы 1950 жылы туылған Бижанов Сағидулла Әлімұлы 1972 жылдан бастап «Мангышлакнефть» Бірлестігі «Жетыбайнефть» МГӨБ орталық инженерлік-технологиялық қызметтің мұнай және газ өндіру операторы болып жұмысын бастайды. Бүгінде Сағидолла Әлімұлы «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығы.

Бижанов Сағидулла Әлімұлының зайыбы Ибікбаева Еркеш апай «Жетібаймұнайгаз» ӨБ газды дайындау, транспорттау және газ шаруашылығын пайдалану цехында есепке алушы болып еңбек етіп, құрметті еңбек демалысына шығады.

Бижановтардың үшінші ұрпағы 1982 жылы туылған Бижанов Кемал Сағидуллаұлы 2004 жылдан бері қабат қысымын ұстау операторы, кейін 2008 жылдан бері «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №3 МГӨБ цехында геолог болып еңбек етіп келеді.

1984 жылы туылған Бижанова Самал Сағидоллақызы «Мұнай және газ геологиясы» мамандығы бойынша Ш.Есенов атындағы



Ақтау мемлекеттік университетін бітіріп, 2007 жылдан бастап «Жетібаймұнайгаз» ӨБ өндірістік жұмыстар мен ғылыми-зерттеу цехындағы мұнай-газ кенорындарын игеру зертханасында геолог болып еңбек етеді. Ал, 1986 жылы туылған Бижанова Гулжамал Сағидоллақызы Каспий қоғамдық университетін 2008 жылы «экономика және өнеркәсіпте басқару» мамандығы бойынша аяқтап, 2009 жылдан бастап Қоғамдағы Өндірістік департаментте экономист болып еңбек етіп келеді.

Бижанов Әлім Бижанұлының 1958 жылы туылған қызы Зәуреш Әлімқызы Компаниядағы Сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау департаментінде қойма шаруашылығы бөлімінің қойма меңгерушісі болып еңбек етеді. Ал, Әлім Бижанұлының екінші ұлы Бижанов Ізгілік Әлімұлы «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-дағы №1 МГӨЦ-да мұнай және газ өндіру операторы болып жұмыс жасайды. Оның ұлы Гиниат Ізгілікұлы «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ластанған топырақты тазартып, жинау учаскесінде тазартушы болып еңбек етеді. Бүгінгі таңда Бижановтар жанұясы Қарақия ауданындағы Мұнайшы поселкесінде тұрады.

Компаниядағы еңбек династиялары мұнайгаз саласының дамуына орасан зор үлес қосқаны үшін, ұзақ та мінсіз еңбектері бірнеше рет құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен, құнды сыйлықтармен бағаланып келеді. Кезектен тыс «Волга» автокөлігі бөлінгені де еңбектерінің еленгендігін айшықтайды.

Жалпы мұнайшылар династиясын көптеген кен орнынан кезіктіруге болады. Мұндай әулеттер дәстүр сабақтастығын үзбеуге, кәсіби шеберлік сабақтарын сақтап қалуға тырысуда. Оған жоғарыда айтып өткен Садировтар мен Бижановтар жанұяларының сүйікті істеріне күш-жігерін аямай жұмсауы дәлел. Олар мұндай беделді кәсіпорында еңбек ететінін зор абырой санайды және тату ұжымның жетістіктерін мақтаныш тұтады.

## ТАҒАЙЫНДАУ

**Төлеғожаев Жетібай Қуанайұлы 20. 05. 2014 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.**



Төлеғожаев Жетібай Қуанайұлы 20. 03. 1961 жылы Маңғыстау облысында, Жетібай кентінде, көп балалы жанұяда туылған.

Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтын 1985 жылы, Халықаралық Бизнес Академиясын 2013 жылы бітірген. Алған мамандықтары - технология және мұнай және газ кен орындарын кешенді игеру және менеджмент.

01.07.1978 ж. «Жетібаймұнай» өндірістік басқармасына мұнай, газ өндіру операторы болып жұмысқа кірді

«Мангышлакнефть» Өндірістік бірлестігіне қарасты «Жетібайнефть» МГӨБ-нде әр жылдары төмендегі қызметтерді атқарды:

07.1985-09.1991 мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру жөніндегі мастері;

09.1991-02.1994 қабат қысымын ұстау цехы бастығының орынбасары;

02.1994-02.1995 №3 мұнай және газ өндіру участкесі бастығының орынбасары;

02.1995-12.1995 №3 мұнай және газ өндіру участкесінің бастығы;

12.1995-04.1999 орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ауысым инженері

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы:**

04.1999-03.2005 №1 мұнай және газ өндіру цехының бастығы;

03.2005-12.2005 орталық инженерлік-технологиялық қызметі бастығының орынбасары;

12.2005-10.2007 №3 мұнай және газ өндіру цехының бастығы;

10.2007-01.2010 орталық инженерлік-технологиялық қызметінің бастығы;

01.2010-07.2011 орталық инженерлік-технологиялық департаментінің мұнай және газ өндіру жөніндегі менеджері;

07.2011-11.2012 орталық инженерлік-технологиялық департаментінің директоры;

11.2012-05.2014 «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы бастығының бірінші орынбасары.

20.05.2014 ж. бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары.

Жанұясында зайыбы, төрт қызы бар.

## *Балалардың күлкісі - көркі, сәні әлемнің*

**Әрқашан қайырымдылық шаралардың басында жүретін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бұл жолы да дәстүрден жаңылмай кішкентай балғындарға базарлық жасады. 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Компания облыстық балалар үйіне - 1 миллион және облыстық мамандандырылған балалар үйіне - 500 мың теңге табыс етті. Сондай-ақ, балғындарды мерекемен құттықтап, тәттілер сыйлап, қуанышқа кенелтті.**

Алдымен арнайы топ облыстық мамандандырылған балалар үйіне келді. Мұнда төрт жасқа дейінгі 28 тастанды бала тәрбиеленуде. Мерекемен құттықтап келген жанашыр ағаларына балғындар тақпақ айтып, ән шырқап, өнерлерін ортаға салды.




«Тек мерекеде ғана емес әр атаулы күнде біз балаларға арнап демеушілік көмектер көрсетіп тұрамыз. Осы жолы облыстық балалар үйіне және облыстық мамандандырылған балалар үйіне демеушілік жасап, қаржылай көмек көрсеттік. Әрдайым жас балалардың өсуіне, қатарға қосылуына қолымыздан келгенше көмектесеміз», - деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелері жөніндегі




орынбасары Жетібай Төлеғожаев.

Демеушілік көрсетілген екінші нысан - облыстық балалар үйі болды. Ақтауға көшірілгеніне екі жылдай уақыт болған балалар үйіне жөндеу жүргізіліп, нысан отбасылық үлгіге келтіріліп, қайта жаңарған. Бұл жердегі балалардың саны жыл санап азайып келетінін мекеме басшысы Несіп Әбілова қуанышпен жеткізді. Мұның себебін - жетім балаларды бауырына басып, қамқорлайтын отбасылардың көбейгенімен және тастанды балаларын кері алып кетіп жатқан ата-аналардың табылғанымен түсіндіреді. Бұрын мұнда 200-ге жуық бала болса, қазір олардың саны - 47.

«Облыстағы үлкен өндіріс мекемелері бізге әрдайым көмектесіп тұрады. Мереке қарсаңында балаларды құттықтап келіп, 1 миллион теңге сыйақы табыстаған - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мекемесіне алғысымызды білдіреміз. Осында тәрбиеленіп жатқан жастардың сапалы білім алып, кейін еңбекке араласып, ел қатарлы өмір сүріп кетуі үшін бар жағдайды жасаймыз», - деді облыстық балалар үйінің басшысы Несіп Әбілова.

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылған демеушілік көмек Компания тарапынан әлі де жарасымды жалғасын таба беретіні сөзсіз.

# СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

**Жеңіс мерекесі қарсаңында өлкедегі ірі өндіріс орындарының бірі - «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесі соғыс жауынгерлеріне ақшалай көмек көрсетіп, сый-құрмет жасады. Аймақтағы 77 Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлеріне 90 АЕК (166 680 теңге) мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек көрсетті. Мекеме басшылығы мұнымен шектеліп қалмай ауған соғысының 20 ардагеріне де 60 АЕК мөлшерінде ақшалай көмектесті.**




Алдымен ардагерлер мекеме басшыларымен бірге «Мәңгілік алау» монументіне гүл шоқтарын қойды. Соғыста қаза болған майдандастарын еске алып, бір минут үнсіздік жариялады.



«Жастық шағымыз майдан даласында өтті ғой. Қар жастанып, мұз төсеніп, жаулармен жан аямай айқасқан ардагерлердің еңбегін кейінгі ұрпақ ұмытпай, елеп жатқанына қуаныштымыз. Енді елімізде мұндай соғыс болмасын, әрдайым тыныштық болсын деймін. «Маңғыстаумұнайгаз-дың» басшыларына шақырып, еңбегімізді елеп жатқанына алғысымызды айтамыз. Талаптары жемісті болсын», - дейді ҰОС ардагері Өтеген Узденбаев.

Мұнан кейін мекеме басшылығы ардагерлерге арнап мейрамханада дастархан жайып, мерекелік концерт қойды. Бейбіт өмірді сыйлаған жандарды төрге оздырып, төбесіне көтерді.

Мекеменің мұндай сый құрметіне бөленген жандардың бірі, Ұлы Отан соғысының ардагері - Қамқа Үмбеталиқызы.

«Мерекелік көңіл күй сыйлап, бізді қамқорлап жатқан мекеме басшылығына алғысымды білдіремін. Кейінгі ұрпақ соғысты көрмей өссе екен. Әрдайым елімізде тыныштық болып, әр күніміз қуанышқа толы болғай», - дейді Қамқа Үмбеталиқызы.

Мерекелік шарада ардагерлер отты жылдардың азабы мен ауыртпалығы жайында естеліктер айтты. Құрмет көрсетіп, қамқорлық танытқаны үшін мекемеге алғыстарын білдірді.

«Бізге жеңіс сыйлап, бейбіт өмірдің бесігіне бөлеген ардагерлерге қамқорлық жасау баршамыздың ортақ міндетіміз.



Сондықтан біздің мекеме мұндай игі шараға белсенді қатысады. Өнегелі өмірі ұрпаққа үлгі болған ардагерлеріміздің ерлігі ешқашан ұмытылмайды», - дейді «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік мәселелер жөніндегі маманы Қымбат Иманқұлова.

## 70 лет со дня снятия блокады Ленинграда

*«Нам необходимо вглядеться в прошлое, чтобы понять настоящее и увидеть контуры будущего».*
*Н. А. Назарбаев*

(Продолжение. Начало в №1 (53) )

**Алия Молдагулова – Герой Советского Союза**



Навсегда вписала свое имя в летопись борьбы за Ленинград славная дочь казахского народа Алия Молдагулова. Родилась Алия в Темирском районе Актюбинской области. До войны воспитывалась в одном из детских домов Ленинграда. В конце 1941-го добровольно поступила в снайперскую школу и, окончив ее на отлично, летом 1942 года прибыла на Ленинградский фронт. Летом 1943 года она воевала под городом Холм на берегу реки Ловать. За короткий срок из своей снайперской винтовки №956 Алия уничтожила 32 фашиста.

…Ночью отважная комсомолка изъявила желание пойти в разведку. Командир видел – девушка очень устала, но Алия была так настойчива в своем решении, что отказать ей было невозможно. Вместе с группой бойцов она ушла в расположение врага. Обнаружив немецкий миномет, стрелявший по нашим боевым порядкам, Молдагулова тихонько подкралась к нему. Ловким броском метнула одну, другую гранату и ликвидировала расчет, а уцелевшего офицера взяла в плен и привела к своим.

Днем разгорелся новый бой. Девять раз рота отражала атаки. Алия спокойно вела огонь по врагу и уложила еще почти три десятка фашистов. Она не выпустила винтовку и тогда, когда осколок мины впился ей в руку, продолжала стрелять и тогда, когда оптический прицел ее винтовки был разбит. Сама перевязала себе руку и сменила винтовку на автомат.

Было приказано штурмом захватить опорный пункт врага. И тогда лежавшие в цепи услышали звонкий голос девушки: «Бойцы, братья, за мной!». Бойцы ворвались в опорный пункт, а разгоряченная Алия все шла вперед и вперед. Еще 8 гитлеровцев пали, сраженные огнем из ее автомата.

Неожиданно гитлеровский офицер схватил Алию за фуфайку. Она вырвалась и направила в его грудь автомат. Но фашист выстрелил первым. Смертельно раненая Алия дала длинную очередь из автомата и убила офицера. Это был последний гитлеровец, уничтоженный девушкой-снайпером.

За проявленное мужество и храбрость отважная дочь казахского народа Алия Молдагулова была награждена орденом Славы III степени, а посмертно в июле 1944 года ей было присвоено звание Героя Советского Союза.

«Алия Молдагулова служила в нашей части, – писали солдаты трудящимся Казахстана, – в роте нет ни одного человека, который бы не помнил ее и не мстил за смерть девушки-героини. Как живая стоит она у нас перед глазами – серьезная, бесстрашная в бою и нежная, заботливая в повседневной жизни. Мы помним, с какой любовью она говорила о родном Казахстане, о большом будущем казахского народа. Мы знали ее мечту – посвятить свою жизнь еще большему расцвету родного края. Расскажите об этой замечательной девушке всем казахстанцам, пусть они знают и гордятся верной дочерью, отдавшей свою жизнь за счастье родной земли».

Бывший начальник политотдела 26-й стрелковой дивизии полковник В.И. Ефимов в своих воспоминаниях писал: «Дорого фашисты заплатили за Алию Молдагулову. Окопы были завалены их трупами. Алия спасла не только свой батальон, но и соседние. Она спасла бригаду от полного разгрома и обеспечила своим благородным поступком выполнение задачи».



Жители Новосокольнического района свято чтут память Алии. А в самой Казачихе, где погибла героиня, сельчане установили мемориальную доску в память о бессмертном подвиге. В летнем парке районного центра Новосокольники установлен бюст Алии Молдагуловой, а в Насве ее имя присвоено средней школе.

**Скуридин Иван Куприянович – Герой Советского Союза**



Родился в семье крестьянина села Отрадное Буландинского района Акмолинской области. До призыва в армию трудился в полеводческой бригаде счетоводом в колхозе «Красный ударник». Отслужил действительную военную службу и два года на сверхсрочной. А когда началась война, сразу же ушел добровольцем на фронт. В составе 310-й стрелковой дивизии воевал на Волховском фронте. После второго ранения, излечившись, попал под Ленинград в 98-ю стрелковую дивизию. 17 января 1944 года 4-й полк дивизии, в котором служил Скуридин, в ходе наступления стал штурмовать деревню Сокули, что находилась неподалеку от города Ломоносова. На участке 6-й стрелковой роты четыре огневые точки противника прижали наступающих к земле. На помощь пришли артиллеристы, но когда рота поднялась в атаку, один дзот ожил и встретил смертоносным свинцом атакующих. Пришлось снова залечь. И тут однополчане увидели, как старший сержант Скуридин, комсорг и любимец роты, пополз вперед. За плечами казахстанца уже был немалый боевой опыт, но ему не удалось сразу же подавить огневую точку врага: с короткой дистанции Иван Куприянович метнул одну за другой три гранаты, но фашистский пулемет продолжал сеять смерть. И тогда, поднявшись во весь рост, бывший колхозный счетовод из Казахстана стремительно бросился к дзоту и закрыл амбразуру своим телом. Пулемет захлебнулся кровью героя. В едином порыве поднялись боевые друзья Скуридина и, ворвавшись в деревню, отомстили врагу за гибель товарища – истребили весь немецкий гарнизон.

13 февраля 1944 года старшему сержанту И.К. Скуридину посмертно было присвоено звание Героя Советского Союза. Неподалеку от места гибели бесстрашного воина-казахстанца в поселке Гостилицы Ломоносовского района Ленинградской области был установлен памятник. Спустя несколько лет на могиле сына побывала мать героя – Александра Осиповна. Встретили ее радушно, на могиле сына собралось много людей – местное население, школьники. Памятник утопал в живых цветах. Взволнованная до глубины души, растроганная до слез и приемом, и благодарной памятью о ее павшем в бою сыне, простая сельская труженица из далекого степного края обратилась к сыну со словами скорби: «Ну, вот и встретились, сынок… Долго я ехала к тебе, чтобы рассказать о родных местах, передать поклоны от друзей, односельчан, родственников. Но не встанешь ты, не спросишь ни о чем и о себе словечка не промолвишь… Смотри, сынок, как много новых друзей пришло сегодня к тебе. Люди, которых ты спасал от гитлеровских супостатов, помнят тебя, свято чтут твою светлую память… Так должно быть всегда…»

(Продолжение следует)

## «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ компаниясы 2014 жылға Маңғыстау облысы бойынша «Маңғыстаумұнайгаздың» шәкіртақылық бағдарламасының басталуы туралы хабарлайды

**Осы шәкіртақылық бағдарламада ұдайы Маңғыстау облысында тұратын, Қазақстан азаматтарына бакалавр дәрежесін алу үшін 6 (алты) атаулы шәкіртақы көзделген.**

**Жоғары оқу орнының атауы:** Қытай Мұнай Университеті (China University Of Petroleum) www.cup.edu.cn,

**Оқыту тілі:** Қытай

**Оқу мерзімі:** бірінші жылы Қытай тілін үйрену оқуымен қоса 5 жыл.

**Қажетті мамандықтар:**

**China University Of Petroleum:**

**Қытай Мұнай Университеті:**

□ Petroleum Engineering (Мұнайгаз ісі)

□ Geological Engineering (Геология )

□ Gas and Oil Storage and Transportation Engineering (Мұнай мен газды сақтау және тасымалдау)

**Оқудың басталу мерзімі:** 2014 жылғы қыркүйек.

**Шәкіртақылық бағдарламаға қатысу үшін үміткерлерде мына құжаттар болуға тиіс:**

□ Маңғыстау облысында кемінде 5 жыл тұрақты тіркеуде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтығы;

□ орта білімі, тек 2014 жылы бітірген;

□ 18 жас 2014 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі есеп бойынша;

□ ҰБТ-ның кемінде 75 (жетпіс бес) балдық куәлігі болуы тиіс;

□ ағылшын тілін жеткілікті деңгейде білуі (intermediate)

**Өтінім тапсыруға қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі (**нотариалдық расталған көшірме**):**

□ Аттестат;

□ Тіркеу кітабы;

□ Паспорт және жеке куәлігі;

□ ҰБТ тапсыру туралы сертификат;

□ бар болған жағдайда, шет ел тілдері бойынша ресми сертификаттар (ағылшын – TOEFL / IELTS);

□ бар болған жағдайда, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың дипломдары.

Маңғыстаумұнайгаз акционерлік қоғамы, қажет болған жағдайда, басқа да растаушы құжаттарды талап етуге құқылы және қажетті мамандықтардың атаулары өзгеруі мүмкіндігін ескертеді.

**Құжаттар** 2014 жылғы 25 маусым мен 07 шілде аралығында, жұмыс күндері сағат 15.00 ден 17.30-ға дейін мына мекен-жайда қабылданады: Ақтау қаласы, 6 шағын аудан, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ғимараты, 3 қабат, 303 кабинет.

**Анықтама телефондары: 8 (7292) 211 – 074, 211-356, 211-817, 211-819**

**Құжаттарды қабылдаудың соңғы күні:** 2014 жылғы 07 шілде, сағат 17.30 дейін.

## Компания АО «Мангистаумунайгаз» объявляет о начале «Стипендиальной программы Мангистаумунайгаз» по Мангистауской области на 2014 год.

**Данная стипендиальная программа предусматривает 6 (шесть) именных стипендий для получения степени бакалавра гражданам Казахстана, постоянно проживающим в Мангистауской области.**

**Наименование ВУЗа:** Китайский Нефтяной Университет (China University Of Petroleum) http://www.cup.edu.cn,

**Язык обучения**: Китайский

**Срок обучения:** 5 лет, включая первый год изучения китайского языка.

**Востребованные специальности:**

**China University Of Petroleum:**

**Китайский Нефтяной Университет:**

□ Petroleum Engineering (Нефтегазовое дело)

□ Geological Engineering (Геология)

□ Gas and Oil Storage and Transportation Engineering (Хранение транспортировка нефти и газа)

**Начало обучения**: сентябрь 2014 года.

**Для участия в стипендиальной программе кандидаты должны иметь:**

□ Гражданство Республики Казахстан с постоянной пропиской в Мангистауской области не менее 5 лет;

□ Среднее образование, только выпуск 2014 года;

□ Возраст 18 лет на 1 сентября 2014 года;

□ Наличие сертификатов ЕНТ с баллом не менее 75 (семидесяти пяти)

□ Достаточный уровень владения английским языком (intermediate)

**Список документов для подачи заявки на участие** (нотариально заверенные копии)**:**

□ Аттестат;

□ Домовая книга;

□ Паспорт и Удостоверение личности;

□ Сертификат о сдаче ЕНТ;

□ Официальные сертификаты по иностранному языку (английскому - TOEFL / IELTS), при их наличии;

□ Дипломы городских, областных, республиканских и международных олимпиад и конкурсов при их наличии;

При необходимости АО «Мангистаумунайгаз» вправе требовать другие подтверждающие документы и допускает возможность изменения наименований требуемых специальностей.

**Прием документов** производится **ежедневно с 15:00 до 17:30** с 25 июня по 07 июля **2014 года включительно** по адресу: г. Актау, 6 микрорайон здание АО "Мангистаумунайгаз", 3 этаж, 303 кабинет

**Телефон для справок: 8 (7292) 211-074, 211-356, 211-817, 211-819**

**Последний срок приема документов 07 июля 2014г. до 17:30!**

## НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА, НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА, НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА!

«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қолдауымен Білім беру бағдарламасы шеңберінде «Ғылыми күрес» атты жаңа телевизиялық білім беру бағдарламасының ашылуы туралы хабарлайды.

Байқау 2 кезеңде өтеді, өтінімдер 2014 ж. 31 шілдеге дейін қабылданады.

**Жобаның мақсаты:** Қазақстанның оқушылары, студенттері арасында интеллектуалды дағдыларды дамыту, инновацияларға жаңа көзқараспен қарау, ғылымға деген қызығушылықты ояту.

**Қысқаша сипаттамасы:** қатысушылардың күрделі ғылыми ақпаратты барлығына қарапайым тілмен жеткізуі. Ғылыми жаңалықтарды, өз зерттеулерін немесе өнертабыстарын қазіргі заманғы технологияларды қолданып, сонымен қатар тұрмыстық және күнделікті құралдарды пайдаланып таныстыру.

**Кім қатыса алады:** мектеп оқушылары, студенттер мен әртүрлі жастағы жас мамандар.

Барлық сұрақтар бойынша scienceshow@kazenergy.com электрондық мекенжайына немесе 8 (7172) 79-01-84, 79-01-74 телефондарына хабарласуды сұраймыз.

### «Ғылыми күрес» телевизиялық білім беру бағдарламасының байқау ережесі

*«Ғылыми күрес»* телевизиялық білім беру бағдарламасы - Қазақстанның мектеп оқушылары, студенттері мен жас мамандары арасында интеллектуалды дағдыларды дамыту, инновацияларға жаңа көзқараспен қарау, ғылымға деген қызығушылықты ояту және ой-өрісін кеңейту мақсатында қатысушыларды олимпиадалық жүйе бойынша іріктеп, байқау өткізу форматында жүргізіледі.

Бағыттар – физика, химия, биология, география, математика, астрономия және басқа салалардағы ғылыми құбылыстар мен эксперименттерді зерттеу.

Қатысушыларға жүктелетін міндеттер – интерактивті форматта/ қазіргі заманғы технологияларды қолданып, сонымен қатар экран, видеоны пайдалана отырып мультимедиялық форматта, тұрмыстық және күнделікті құралдарды пайдаланып ғылыми жаңалықтармен, өз зерттеулерімен немесе өнертабыстарымен таныстыру, ғылымды тәжірибеге көшіру.

Негізгі мақсат – күрделі ғылыми ақпаратты барлық қатысушыларға қарапайым тілмен жеткізу.

Жобаның түсірілімі арнайы жабдықталған студияда жүргізіледі, кейіннен телеарналарда және әлеуметтік желілерде көрсетілетін болады.

Жұмыстардың сипаттамасы

Даярлық кезең және 10 жобаны алдын ала іріктеп алу бойынша барлық жұмыстар жүргізілгеннен кейін, байқау комиссиясының жабық мәжілісі өтеді, онда 5 жобадан шорт парақ әзірленеді. Мәжілістен кейін бес қатысушы өз жобаларын таныстыруға, спич құрастыруға және таныстырудың өзіне дайындалады. Олармен қатар студия түсірілімге даярланады, студия студенттер мен жас мамандарға арналған еркін, бейресми қарым-қатынас жасау алаңы ретінде безендіріледі, көрермендер еденде, орындықта және түрік жастықшаларында отырады, студияда таныстыру алаңы, проекторы бар экран, сөйлеушілерге арналған подиум болады. Жобаның түсірілімі алдында оған қатысуға шақырулар таратылады, түсірілімнің хабарламасы жарияланады, жобаны пиар жариялау, баспасөз хабарламалары жасалады. Белгіленген күні продакшин студияда өздерінің ғылыми жобаларын таныстыратын бес қатысушыны тамашалайтын 50-ден астам көрермен жиналады. Таныстыру саласы нақты ғылымдардан гуманитарлық ғылымдарға дейін әртүрлі болып келеді. Қатысушылар физика, алгебра, геометрия және басқаларының күрделі заңдарын түсіндіру үшін қажетті күнделікті құралдарды пайдалана отырып, жобаны мультимедиялық таныстыру ретінде экранда таныстыра алады. Мысалы, сабын, шар, блта, орындық, сызғыш және басқа да заттар. Басты мәселе - мектеп оқушысының өзіне теңдеудің өзі ұғынықты болуы үшін ғылыми жобаны қарапайым, түсінікті тілмен таныстыру! Жалпыға белгілі міндеттермен қатар қатысушы өз жаңалығын немесе өнертабысын таныстыра алады, бірақ талап бірдей – күрделі нәрсе туралы қарапайым тілмен айту! Қатысушылардың таныстыруынан кейін байқау комиссиясының мәжілісі өткізіледі де, бір жеңімпаз мәлімденеді.

Түсірілімге ПТС қолданылады, түсірілімнен кейін монтаж жасалады, эфирге ғаламтор, әлеуметтік желілер пайдаланылады. Жобаның толық көрсетілімі Білім-Мәдениет арнасында қойылуы мүмкін. Барлық ТВ арналарда, жаңалық блоктарында және арнайы жастар бағдарламаларында жарияланады.

## ВНИМАНИЕ, ВНИМАНИЕ, ВНИМАНИЕ!!!

Ассоциация KAZENERGY при поддержке компании АО «НК «КазМунайГаз» в рамках Образовательной программы запускает новый образовательный телевизионный проект под названием «Ғылыми күрес».

Конкурс пройдет в 2 этапа, заявки принимаются до 31июля 2014 г.

**Цель проекта:** открытие нового взгляда на инновации, развитие интеллектуальных навыков и привития заинтересованности к науке среди школьников, студентов Казахстана.

**Краткое описание:** участники должны донести сложную, научную информацию простым языком до всех участников. Собственное изобретение, исследование или научное открытие можно презентовать в мультимедийном формате с использованием современных технологий, либо используя бытовые и подручные предметы пользования.

**Кто может принять участие:** школьники, студенты и молодые специалисты.

По всем возникшим вопросам обращаться по электронному адресу: scienceshow@kazenergy.com или по телефону: 8 (7172) 79-01-84, 79-01-74

### Положение конкурса Образовательной телевизионной программы «Ғылыми күрес».

Образовательная телевизионная программа «*«Ғылыми күрес*» - проводится в формате конкурса по олимпийской системе отбора участников с целью развития интеллектуальных навыков, открытия нового взгляда на инновации, расширения кругозора и привития заинтересованности к науке среди школьников, студентов и молодых специалистов Казахстана.

Направления – изучение научных явлений и экспериментов из области физики, химии, биологии, географии, математики, астрономии и других наук.

Задача перед участниками – презентовать научные открытия, собственное исследование или изобретение через использование современных технологий/ в интерактивном формате, используя бытовые и подручные предметы пользования/ трансформировать науку в практику/ а также в мультимедийном формате с использованием экрана, видео.

Основная цель – донести сложную, научную информацию простым языком до всех участников.

Съемки проекта будут проходить в специально-оборудованной студии, с дальнейшей трансляцией на телеканале и в социальных сетях.

Описание работ

После проведения всех работ по подготовительному этапу и предварительному допуску 10 проектов, проводится закрытое заседание конкурсной комиссии, где формируется шорт лист из 5 проектов. После заседания пятеро участников начинают подготовку к презентациям собственных проектов, формированию спичей, выступлений и самих презентаций. Параллельно готовится студия для съемок, студия оформляется как свободная, неформальная зона общения для студентов и молодых специалистов, зрители могут сидеть как на полу, так и на скамейках и турецких подушках, в студии есть презентационная площадка, экран с проектором, подиум для выступающих. Перед записью проекта осуществляется рассылка приглашений для участия, анонсирование съемок, пиар продвижение проекта, рассылка пресс-релиза. В назначенный день, в продакшин студии собирается не более 50 человек зрителей, перед которыми выступают пятеро участников, презентующих свои проекты в научные проекты. Области презентаций могут быть разными от точных до гуманитарных наук. Участники могут презентовать проект как на экране, в виде мультимедийных презентаций, так и используя подручные средства, необходимые для разъяснения сложных законов физики, алгебры, геометрии и другое. Например, мыло, шары, топоры, стулья, линейки и прочие предметы. Главная задача презентовать сложный, научный проект простым, доступным языком, так чтобы, даже школьнику стало понятно в чем суть уравнения прямой! Кроме общеизвестных задач, участник может презентовать собственное открытие или изобретение, но суть остается такой же – о сложном, говорим просто! После выступления участников проводится заседание конкурсной комиссии и объявляется один победитель.

Для съемок используется ПТС, после съемок проводится монтаж, для эфира используется интернет, социальные сети. Полная ротация проекта, возможна на канале Билим-Маденият. Освещение на всех ТВ каналах в новостных блоках и специальных молодежных передачах.

# МАРУСА – ҚАЛАМҚАСТЫҢ ТҰҢҒЫШ ОПЕРАТОРЫ

*«1979 жылдың 23 тамызы – Қаламқас кенорнынан алғашқы өндірістік мұнай алынған күн. Сол күні №66 ұңғысының ысырмасын мұнай өндіру шебері Көшербай Әлібаев ашты. Алғашқы вахтада операторлар Маруса Өтегенова, Орынбасар Шадияров, Әділғазы Мұстапин тұрған еді...»*



Оператор М.Өтегенова (2014)

Қаламқас кенорнына қатысты баспасөз жазбаларынан осы сөйлемді үнемі оқисың. Қаламқас тарихына алтын әріппен қашалған сөздер. «Комсомольскнефть» МГӨБ алғашқы бастығы Бекболат Ізтұрғанов, алғашқы шебері Көшербай Әлібаев ағаларымызды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да мерекелер кезіндегі ардагерлер бас қосуында көріп тұрамыз. Ал алғашқы операторлардың қазір қайда жүргендері жайлы жөнді мәліметіміз болмайтын. Сол операторлардың бірі Маруса Өтегеновамен ойламаған жерден кездесіп қалдым. Қайда дейсіз ғой. Қаламқас кенорнының дәл өзінде, кешенді мұнай дайындау және өткізу цехында. Сонымен сөзді Марусаның өзіне берелік:

- Өзенде мектеп бітірдім. Құрбыларым Құмісова Ақзер және орыс қызы Таня үшеуміз жаңа ашылып жатқан «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасына (бастығы Бекболат Ізтұрғанов) оператор болып жұмысқа тұратын болдық та Қаламқасқа вертолетпен ұштық. Қазір айтып отырсаң өзгелерге қызық тәрізді. Ол кезде Қаламқас деп көп аталмайтын, білетініміз Комсомольск деген атау, атына сай жастар баратын жер деп түсіндік. Мұнайшы мамандардың көбі Өзен мен Жетібайдан барғандар еді. Өзеннен вахтаны тікұшақпен таситын. Вертолет болмай қалған кезде машинамен Ақтауға бір күн ерте келіп қонамыз да, ертесіне вахалық автобуспен кетеміз. Бүгінгідей асфальт жоқ кез, автобуспен 12-13 сағат жүріп шаңға батып жетеміз. Мұнай әлі өндіріле қоймаған екен, бізді Хасанова Назира деген татар апаның қарауына салынып жатқан жатақханалардың терезелерін тазалау, жөндеу тәрізді жұмыс істеуге жіберді. Сөйтіп, мұнай өндіру басталғанша әртүрлі жұмыстардың басын шалып жүрдік.

1979 жылдың 23 тамызы да келіп жетті. Кенорнында бір ғана мұнай өндіретін цех болатын, бастығы Құсаев Ханым деген азамат еді, еңбек жолын Өзен кенорнынан бастаған. Алғашқы мұнай алу үлкен мереке болды, басшылардың бәрі осында, мастеріміз Көшербай аға алғашқы ұңғы ысырмасын ашты. Осылай Қаламқас мұнайы құбырға жол тартқан. Менімен вахталық жұмысқа бірге тұрған Мұстапин Әділғазыны Алтай жақтан келген дейтін еді, қазір қайда екенін білмеймін, Ақтауда жоқ болар. Шадияров Орынбасар құлсарылық еді, өзі дүниеден өтті, келіншегі Ағырыс осында оператор болып жасайды. Ал Көшербай аға Форттан мектеп бітіріп, комсомолдық жолдамамен «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресіне жұмысқа келген, бұрғылау шеберлігінен мұнай өндіру шеберіне ауысқан екен, қазір зейнеткер, Ақтауда тұрады, баласы Өркенбай осы цехта бастықтың орынбасары. Қаламқастықтар сол алғашқы өндірістік мұнай алынған күннен бастап жылдың аяғына дейін 73 мың тонна "қара алтын" өндірді,- деп аяқтады Маруса сөзін.

К.Әлібаев басқарған әлгі вахта бір жыл 10 күн өткеннен кейін, яғни, 1980 жылғы 2 қараша күнгі $12^{00}$ сағатта тағы бір тарихи оқиғаны қолдарымен атқарады. Бұл күн тағы да Қаламқас тарихына алтын әріппен жазылып қалды. Бригада мүшелері Маруса, Әділғазы, Орынбасар екінші рет құрметті вахтаға тұрып, кенорнының 1 000 000-шы (бір миллион) тонна "қара алтынын" өндіріп, Отан қоймасына жөнелтеді.



Құрметті вахтада тұрған К.Әлібаевтың бригадасы (ортада М.Өтегенова, 1980);

Маруса Өтегенова кейін кешенді мұнай дайындау және өткізу цехына оператор болып ауысады. Содан бері осында табан аудармастан жұмыс жасап келеді. Цехтың алғашқы бастығы Ізғара Таласбаевтан мұнайшылықтың қыр-сырын үйренгенін, бес жылдан кейін «Комсомольснефть» басшылығы Ақтау қаласынан үй бергенін, ал Қаламқас кенорны ажырамастай, өзінің екінші үйі іспеттес болып кеткенін айта келіп, «Жақында зейнетке шығамын,- деген ол,- мүмкін осы вахта соңғы вахтам да болар». Біз Қаламқас кенорнының алғашқы мұнайын өз қолымен өндіріп, Отан қоймасына жөнелткен, кенорнының алғашқы тонна мұнайынан бастап, күні бүгін өндірілген 136 миллион тонна мұнайына дейін өз үлесін қосқан ардагер мұнайшы қандайда бір наградаға да лайық-ау деп ой түйгенбіз.



**А. Өтегенов**

**Жуырда Елбасының Қазақстан халқына жолдауындағы «Қазақстан 2013-2017 жылдардағы діни терроризм және экстремизммен күрес» атты мемлекеттік бағдарламасын таныстыру, жастарды дәстүрлі емес діни ағымдардан сақтандыру және өз еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, жастардың ой-пікірлерін тыңдау мақсатындағы ақпараттық насихат жұмыстар аясында діни экстремизмнің алдын алу бағытында құрылған Республикалық ақпараттық-насихат тобы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерімен кездесу өткізді.**

# ТЕРІС ДІНИ АҒЫМ ЕЛГЕ ҚАУІП



Шара жас ұрпақты отан сүйгіштікке, имандылыққа, патриотизмге, мәдениеттілікке, ұлтжандылыққа, этикаға тәрбиелеу, елімізде тұратын халықтардың озық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын ескере отырып, исламның шынайы игілікті рухани байлықтарын насихаттау мақсатында өтіп отыр. Жиын барысында Ислам дінінен кереғар жат пиғылды діни ағымдардың жастар санасын улайтын зиянды насихаттары мен әрекеттері түсірілген бейнекөрініс көрсетілді.

Алғаш болып Маңғыстау облыстық дін істері басқармасының бас маманы Мүсірепов Ғабит Дәулетұлы сөз алды. «Маңғыстау облысында 28 діни бірлестік бар, олардың барлығы әділет департаментінде тіркелген. Біздің негізгі мақсатымыз жастардың әртүрлі ағымдардың қолшоқпарына айналып кетпеуін қадағалау болғандықтан, нағыз Исламның хақ жолын түсіндірудеміз. Жастар - еліміздің ертеңі. Сол себепті әлемдегі лаңкестіктің бір түрі – діни экстремизмнің бой көтеруі қауіпті жағдай екендігін тұрғындар арасында жан-жақты түсіндіріп, әсіресе, жастар арасында тәртіп бұзуға, өзінің қатарына өзгелерді тартуға ықпалы барларды алдын-ала ескертіп, бақылауды осалсытпау керек», - деді Ғабит Дәулетұлы.

«Қасиетті Маңғыстау жеріне келіп өздеріңізбен жүздескеніме өте қуаныштымын. Ақпараттық насихат тобының құрылуына соңғы кездері діни ахуалдың біраз тұрақсыздығы себеп болды. Ислам атын жамылған теріс ағымдар Исламмен санаспай, салт-дәстүрді жоққа шығарып, қолдарына қару алуға дейін барады. Оған Ақтөбе, Орал, Тараз, Алматыда орын алған қайғылы оқиғаларды мысалға алуға болады. Сондықтан ақпарат тобының мақсаты – халықтың діни сауатын арттыруға жұмыс жасау. Тобымыз бүгінде төрт облыста жүр - Қостанай, Алматы, Ақмола және Маңғыстау облыстарында. Олар ай сайын міндетті түрде насихат жұмыстарын жүргізіп тұрады. Біз жұмысшылармен де мемлекеттік емес ұйым мүшелерімен де, түрмеде жазасын өтеушілермен де республикалық және жергілікті деңгейде жұмыстар жүргізіп отырмыз», - деп сөзін бастаған белгілі исламтанушы, ғалым, республикалық ақпараттық насихат



тобының мүшесі, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының уағыз-насихат және интернет жұмыстары бөлімінің меңгерушісі Оңғаров Ершат Ағыбайұлы ислам діні туралы тарихи деректерге тоқталып өтті. Сондай-ақ, облыстық орталық мешіттің бас имамы Сейітбеков Смайыл Сейілқұлұлы орын алған діни теріс ұғымдармен таныстырып өтіп, мысалдар келтірді.

Жиын кезінде дін қызметкерлеріне: келіндердің ата-енеге сәлем етуі дұрыс па? хиджаб кию адасқандық па? теріс жолға түсуден қалай сақтануға болады? мектептердегі діни білімді жолға қою, телеарналардың ақпараттық көмегі қажеттігі, көріпкел-емшілер мен құмалақшылардың көбейіп кетуі, ата-бабалардың басына түнеп, тілек тілеуі, Жетібай кентіндегі мешітке көңіл аудару туралы қойған қатысушылар сұрағы мен ұсыныстарына шариғат аясында толыққанды жауап берілді.

# МӘРТ ТҰЛҒА ӨМІРДЕН ОЗДЫ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы танымал ардагер-мұнайшы Борамбаев Махсұт Борамбайұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Борамбаев Махсұт Борамбайұлы 1943 жылы Маңғыстау облысы, Таушық ауылында дүниеге келген. Шахта орта мектебін (1961), ҚазПТИ-ді (1966), Баку, Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларында білім жетілдіру курстарын (1986-1991), Лос-Анджелес (АҚШ) бизнес мектебін (1992) бітірген. «Манғышлақмұнай» ӨБ, «Өзенмұнай» МГӨБ-де шебер, кәсіпшілік бастығы, бөлім бастығы (1967), «Манғышлақмұнай» ӨБ «Комсомолмұнай» МГӨБ бастығының орынбасары, орталық инженерлік технология қызметінің бастығы (1981), «Жетібаймұнай» МГӨБ бастығы (1982-1986), «Комсомолмұнай» МГӨБ бөлім бастығы, бас инженері (1986), «Өзенмұнай» МГӨБ бастығы (1992-1995), «Мұнайгаз» мемлекеттік холдинг компаниясы вице-президенті (1995), «Мұнай және газ өнеркәсібі» Бас диспетчерлік басқармасының» бастығы (1997), «ҚазТрансГаз» ЖАҚ Жамбыл филиалының директоры (2001), Амангелді газды конденсатты кен орнын дамыту жөніндегі департаментінің директоры (2002). 2003 жылдан «АмангелдіГаз» ЖАҚ бас менеджері. 2010 жылы осы мекемеден зейнетке шықты.

«Еңбектегі Ерлігі үшін» медалімен, КСРО, ҚазКСР Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің «Құрмет грамоталарымен» марапатталған. 1 шақырылған Маңғыстау облысы мәслихатының депутаты болған.

# ГРУППОВОЙ ЭТАП

Время начала матчей – Актауское (местное)

| Группа, время | | | |
|---|---|---|---|
| **13 июня** | | | |
| Группа А, 01:00 | Бразилия | - | Хорватия |
| Группа А, 21:00 | Мексика | - | Камерун |
| **14 июня** | | | |
| Группа B, 00:00 | Испания | - | Нидерланды |
| Группа B, 03:00 | Чили | - | Австралия |
| Группа C, 21:00 | Колумбия | - | Греция |
| **15 июня** | | | |
| Группа D, 00:00 | Уругвай | - | Коста-Рика |
| Группа D, 03:00 | Англия | - | Италия |
| Группа C, 06:00 | Кот-д'Ивуар | - | Япония |
| Группа E, 21:00 | Швейцария | - | Эквадор |
| **16 июня** | | | |
| Группа E, 00:00 | Франция | - | Гондурас |
| Группа F, 03:00 | Аргентина | - | Босния и Герцеговина |
| Группа G, 21:00 | Германия | - | Португалия |
| **17 июня** | | | |
| Группа F, 00:00 | Иран | - | Нигерия |
| Группа G, 03:00 | Гана | - | США |
| Группа H, 21:00 | Бельгия | - | Алжир |
| **18 июня** | | | |
| Группа A, 00:00 | Бразилия | - | Мексика |
| Группа H, 03:00 | Россия | - | Южная Корея |
| Группа B, 21:00 | Австралия | - | Нидерланды |
| **19 июня** | | | |
| Группа B, 00:00 | Испания | - | Чили |
| Группа A, 03:00 | Камерун | - | Хорватия |
| Группа C, 21:00 | Колумбия | - | Кот-д'Ивуар |
| **20 июня** | | | |
| Группа D, 00:00 | Уругвай | - | Англия |
| Группа C, 03:00 | Япония | - | Греция |
| Группа D, 21:00 | Италия | - | Коста-Рика |

| Группа, время | | | |
|---|---|---|---|
| **21 июня** | | | |
| Группа E, 00:00 | Швейцария | - | Франция |
| Группа E, 03:00 | Гондурас | - | Эквадор |
| Группа F, 21:00 | Аргентина | - | Иран |
| **22 июня** | | | |
| Группа G, 00:00 | Германия | - | Гана |
| Группа F, 03:00 | Нигерия | - | Босния и Герцеговина |
| Группа H, 21:00 | Бельгия | - | Россия |
| **23 июня** | | | |
| Группа H, 00:00 | Южная Корея | - | Алжир |
| Группа G, 03:00 | США | - | Португалия |
| Группа B, 21:00 | Австралия | - | Испания |
| Группа B, 21:00 | Нидерланды | - | Чили |
| **24 июня** | | | |
| Группа A, 01:00 | Камерун | - | Бразилия |
| Группа A, 01:00 | Хорватия | - | Мексика |
| Группа D, 21:00 | Италия | - | Уругвай |
| Группа D, 21:00 | Коста-Рика | - | Англия |
| **25 июня** | | | |
| Группа C, 01:00 | Япония | - | Колумбия |
| Группа C, 01:00 | Греция | - | Кот-д'Ивуар |
| Группа F, 21:00 | Нигерия | - | Аргентина |
| Группа F, 21:00 | Босния и Герцеговина | - | Иран |
| **26 июня** | | | |
| Группа E, 01:00 | Гондурас | - | Швейцария |
| Группа E, 01:00 | Эквадор | - | Франция |
| Группа G, 21:00 | США | - | Германия |
| Группа G, 21:00 | Португалия | - | Гана |
| **27 июня** | | | |
| Группа H, 01:00 | Южная Корея | - | Бельгия |
| Группа H, 01:00 | Алжир | - | Россия |

## 1/8 финала

Победители групп первого раунда играют со вторыми командами из других групп

| Матч | | | |
|---|---|---|---|
| **28 июня** | | | |
| 49 матч, 21:00 | 1A | - | 2B |
| **29 июня** | | | |
| 50 матч, 01:00 | 1C | - | 2D |
| 51 матч, 21:00 | 1B | - | 2A |
| **30 июня** | | | |
| 52 матч, 01:00 | 1D | - | 2C |
| 53 матч, 21:00 | 1E | - | 2F |
| **1 июля** | | | |
| 54 матч, 01:00 | 1G | - | 2H |
| 55 матч, 21:00 | 1F | - | 2E |
| **2 июля** | | | |
| 56 матч, 01:00 | 1H | - | 2G |

## 1/4 финала

| Матч | | | |
|---|---|---|---|
| **4 июля** | | | |
| 58 матч, 21:00 | W53 | - | W54 |
| **5 июля** | | | |
| 57 матч, 01:00 | W49 | - | W50 |
| 60 матч, 21:00 | W55 | - | W56 |
| **6 июля** | | | |
| 59 матч, 01:00 | W51 | - | W52 |

## Полуфиналы

| Матч | | | |
|---|---|---|---|
| **9 июля** | | | |
| 61 матч, 01:00 | W57 | - | W58 |
| **10 июля** | | | |
| 62 матч, 01:00 | W59 | - | W60 |

## Матч за третье место

| | | | |
|---|---|---|---|
| **13 июля** | | | |
| 01:00 | L61 | - | L62 |

## Финал

| | | | |
|---|---|---|---|
| **14 июля** | | | |
| 00:00 | W61 | - | W62 |

# ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ 2014



| Группа A | Группа B | Группа C | Группа D | Группа E | Группа F | Группа G | Группа H |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бразилия | Испания | Колумбия | Уругвай | Швейцария | Аргентина | Германия | Бельгия |
| Хорватия | Нидерланды | Греция | Коста-Рика | Эквадор | Босния и Герцеговина | Португалия | Алжир |
| Мексика | Чили | Кот-д'Ивуар | Англия | Франция | Иран | Гана | Россия |
| Камерун | Австралия | Япония | Италия | Гондурас | Нигерия | США | Южная Корея |

FIFA WORLD CUP Brasil 2014

**Уважаемые читатели, накануне старта Чемпионата Мира по футболу газета «Мұнайлы Өлке» объявляет о проведении розыгрыша «ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ». Условия конкурса просты – нужно угадать всех призеров Чемпионата Мира - 2014 (команды, занявшие первое, второе и третье места). Победителей конкурса ждут призы! КОЛИЧЕСТВО КУПОНОВ, ПОДАВАЕМЫХ ОДНИМ ЛИЦОМ, НЕ ОГРАНИЧЕНО!**

| | |
|---|---|
| 1 МЕСТО | |
| 2 МЕСТО | |
| 3 МЕСТО | |

Ф.И.О. ______________________

Должность: ______________________

Телефон: ______________________






**ПОСЛЕДНИЙ СРОК ПОДАЧИ КУПОНОВ ПО 16 ИЮНЯ (ВКЛЮЧИТЕЛЬНО).**

*Вырежите купон и принесите (пришлите) в редакцию «Мұнайлы Өлке» по адресу: зд. КазНИПИ, 126, 330 кабинет или сдайте купон спортинструкторам на месторождениях Каламкас и Жетыбай Телефоны для справок: 211-736, 212-194, 211-938.*

# Құттықтаймыз!

## 60 жас

Жалғасбаев Али, 05 маусым, САжМТЖД, компрессорлық кондырғылардың машинисі
Епен Шоныкұл Дүйсекенұлы, 12 маусым, ҚҚ, 2 дәрежелі қарауыл
Орысбай Қалдыгерей Жұмабекұлы, 29 маусым, ӘМжӘДД, 2 дәрежелі көгалдандырушы

## 55 жас

Қожым Мақсат Реймұлы, 01 маусым, КД, 5 дәрежелі көлік жүргізушісі
Шадиярова Акрыс, 01 маусым, МГӨЦ-1, мұнай және газ өндіру операторы
Ерғали Сағындық Ерғалиұлы, 15 маусым, КД, 4 дәрежелі көлік жүргізушісі
Қосжанов Оралбай Әбдіхамитұлы, 27 маусым, САжМТЖД, 4 дәрежелі электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электржөндеуші

## 50 жас

Аманкулов Мади Сарбасович, 01 маусым, ТҚ,ЕҚжҚОҚД, өрт сөндіруші
Аширханов Кастур, 02 маусым, ӨД, 3 дәрежелі слесарь-жөндеуші
Ергожин Аманбай Лесбекович, 03 маусым, МГӨЦ -4, слесарь-жөндеуші
Туркпенбаев Дуйсенби Шукирович, 04 маусым, КД, 4 дәрежелі көлік жүргізушісі
Кошкарова Алмагуль Оразбаевна, 06 маусым, ӨЖҒЗБ, химиялық талдау лаборанты
Кудабаев Асилбек Рзашевич, 07 маусым, МКДжАЦ, сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғының операторы
Ақпаншаев Сағидулла Шонайбайұлы, 08 маусым, ӘМжӘДД, 1 дәрежелі көгалдандырушы
Мухамедиев Болат Гарипович, 12 маусым, КД, 4 дәрежелі көлік жүргізушісі
Бакиров Ахунбек Дуйшаевич, 12 маусым, ӨД, 5 дәрежелі электргаздәнекерлеуші
Шукатаев Мурат Мусаевич, 12 маусым, ӨЖҒЗБ, ұңғыларды зерттеу операторы
Шадқам Абдолқайым, 15 маусым, МГӨЦ-1, мұнай және газ өндіру операторы
Епенов Мырзабай Дюсекенович, 19 маусым, ӘМжӘДД, жөндеу-құрылыс тобының шебері
Джакесов Дюсенбай Кулжабаевич, 21 маусым, МГӨЦ-1, мұнай және газ өндіру операторы
Озғанбаев Есбол, 25 маусым, ЖСҚКУ, сораптар қондырғысының машинисы
Оспан Сәния Жәрдемқызы, 28 маусым, ҚҚҰЦБ, қабаттың қысымын ұстау операторы
Елеусинова Айша, 29 маусым, МДжАЦ, тауар операторы
Башенов Демеу Сагынаевич, 30 маусым, МГӨЦ-1, мұнай және газ өндіру операторы

## Құрметті әріптестер!!!

**Өндірістің қауіпсіздік қағидаларын сақтаған кезде ғана қауіпсіз еңбек жағдайын тудырады.**

- Ешкім зардап шекпеуі керек!
- Жұмысқа кірісер алдында ойлан!
- Жұмысты қауіпсіз орында, не оны мүлдем орындама!
- Жұмысты қауіпсіз орындауға әрдайым уақыт табылады!
- Күмәнің болса, анықта! (Сұра)

## Уважаемые коллеги!!!

**Создание безопасных условий труда возможно лишь при соблюдении принципов безопасности производства.**

- Никто не должен пострадать!
- Подумай, прежде чем выполнять работу!
- Выполняй работу безопасно, либо не делай ее совсем!
- Всегда есть время выполнить работу безопасно!
- Если сомневаешься, выясни! (Спроси)



# Абайдың қара сөздері

*Басы өткен санда*

### ОН ЕКІНШІ СӨЗ

Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Ләкин, сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен. Әуелі - иманның иғтиқатын махкамлемек керек, екінші - үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды. Уа-ләкин, кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәләт табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүрген көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды. Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласыменен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды.

### ОН ҮШІНШІ СӨЗ

Иман деген - алла табарака уа тағаланың шәриксиз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әр түрлі бізге пайғамбарымыз саллалаһу ғалайһи уәссәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ. Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі - не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел - испат қыларға жараса, мұны якини иман десе керек. Екіншісі - кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман таклиди дейміз.

Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен. Якини иманы бар деуге ғылымы жоқ, таклиди иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаланғанға қарап, ақты қара деп, я қараны ақ деп, өтірікті шын деп ант ететұғын кісіні не дейміз? Құдай тағала өзі сақтасын. Әрнешік білмек керек, жоғарғы жазылмыш екі түрліден басқа иман жоқ. Иманға қарсы келерлік орында ешбір пенде құдай тағала кеңшілігімен кешеді дағы демесін, оның үшін құдай тағаланың ғафуына яки пайғамбарымыздың шафағатына да сыймайды, мүмкін де емес. «Қылыш үстінде серт жоқ» деген, «құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі құрысын.

1892

### ОН ТӨРТІНШІ СӨЗ

Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені - батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар - жүрек ісі. Асықтық та - жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау - ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры - әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі - пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда, батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?

1893

*(жалғасы бар)*




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Р.Ізберген
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-194, 211-938.

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265
Таралымы: 1500

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750 Тапсырыс: 489